ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 қараша №2301-23-00-2/1736 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Махамбет ауданы «Бейбарыс ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «РУСТАМ» Индира Айтжановна Жакупова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 22 080 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілдері С.Зулхашев, Т.Сағындықов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Атырау облысы Махамбет ауданы «Бейбарыс ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі мен ЖК «РУСТАМ» Индира Айтжановна Жакупова арасында жалпы сомасы 919 919 теңгеге 2023 жылғы 10 наурызда мемлекеттік сатып алу туралы №6 шарт жасақталған.

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға №1 шарттың қосымшасында көрсетілген Бейбарыс ауылдық округіне қарасты елді мекендердің көшелерін жарықтандыруға жәй жөндеу мен техникалық қызметтерін көрсетуге міндеттенген.

Орындау мерзімі - Шарт аумақтық қазынашылық органында тіркелген күннен бастап, яғни 2023 жылғы 13 наурыздан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, қызметтер көрсетілмеген.

Шарт 2023 жылғы 2 тамызда бір жақты бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері талапты қолдап, 22 080 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында зерттелген техникалық ерекшелікке сәйкес, жауапкер Бейбарыс ауылдық округіне қарасты Бейбарыс, Аққайың, Талдыкөл ауылдарында орналасқан көше жарықтарының күтіп ұстау жұмыстарына шығару қызметтерін орындауды міндетіне алған.

Сонымен қатар, іс құжаттарындағы 2023 жылғы 30 маусымдағы Актісіне сәйкес, Бейбарыс ауылында А.Иманов көшесінде 5 нүкте көше жарығы, А.Құнанбаев көшесінде 8 нүкте көше жарығы, Ж.Дүйсенгалиева көшесіне 2 нүкте көше жарығы, Талдыкөл ауылындағы Құсқелиев көшесінде 10 нүкте көше жарығы шамдары жанбай тұрғанын және жауапкермен ай сайын тексеріп ауыстыру үшін маусым айында келмегені анықталған.

Ал, 2023 жылғы 31 шілдедегі Актісіне сәйкес, Бейбарыс ауылында А.Иманов көшесінде 6 нүкте көше жарығы, А.Құнанбаев көшесінде 10 нүкте көше жарығы, Ж.Дүйсенгалиева көшесіне 2 нүкте көше жарығы, Әйтебе би көшесінде 7 нүкте көше жарығы, Талдыкөл ауылындағы Құсқелиев

Құжатқа қол қойылған: Дәуренова О. Ш., 29.11.2023

2301-23-3-1/1975

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 29.11.2023

көшесінде 10 нүкте көше жарығы шамдары жанбай тұрғанын және жауапкермен ай сайын тексеріп ауыстыру үшін келмегені анықталған.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері мүлдем орындалмай, қызметтер көрсетілмегенін, тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдары болғанын, өйткені Бейбарыс ауылдық округіне қарасты ауылдарының көше жарықтары өшіп, ауыстырылмағаны көрінеді. Бұл жағдайларды растайтын талап қоюшымен көшелердің фотосуреттері жалғанған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

№2 талабы бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден орындалмаған 24 күнге есептелген 22 080 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерден 22 080 теңге тұрақсыздық айыбы сомасын өндіру туралы талаптың бөлігі қанағаттандыруға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 2 387 (1 725+662) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы Махамбет ауданы «Бейбарыс ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «РУСТАМ» Индира Айтжановна Жакупованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «РУСТАМ» Индира Айтжановна Жакупова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «РУСТАМ» Индира Айтжановна Жакуповадан мемлекеттік кірісіне 22 080 (жиырма екі мың сексен) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 387 (екі мың үш жүз сексен жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірме дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2024 жылы "03" қаңтары енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 29.11.2023

2301-23-3-1/1975